

**№6 Хромтау гимназиясының 2015-2016 оқу жылындағы
ҰБТ қорытындысына
Талдама**

ҰБТ- ол жалпы орта білім беру ұйымдары бітірушілерінің қорытынды мемлекеттік аттестатталуы, білім ұйымдарынан тәуелсіз жалпы орта білім сапасын бағалайтын, жаңа технологияларға негізделген мемлекеттік жүйе. Ол төмендегідей басты мақсаттары айқындайды:

1. Білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалайды;
2. Олардың нақты рейтингтерін анықтайды;
3. Жалпы орта білім беру мәселелеріне жұртшылықтың назарын күшейтеді;
4. Оқушылар мен мұғалімдердің оқу қорытындысын, білімін дәлелдейді;
5. Білім бағытын және мазмұнын жетілдіреді;
6. Оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнатып, пәнді жүйелі пысықтауға мүмкіндік алады.

ҰБТ-ның негізгі міндеті - мемлекеттік қадағалау арқылы білім сапасын әділ бағалау. ҰБТ - оқушылар мен ұстаздардың бірлескен еңбегін бағалайтын, білім сапасына қол жеткізетін өте дәл көрсеткіш болып табылады. Тест әр пән бойынша 25 тапсырмадан тұрады, 5 пәннен оқушылар білімі сарапқа салынады. Мұнда мектеп бағдарламасының негізгі бөлімдерінің мазмұны мен әр түрлі қиындық деңгейлері қамтыла отырып, мемлекеттік білім стандартына сай жасалған.

2015-2016 оқу жылында гимназияда 11 – класты ҰБТ- ге дайындау мақсатында жоспар және сабақ кестесі құрылып, бекітілді. Барлық жоспарланған жұмыстар толық жүргізілді. Пәндер бойынша қосымша сабақтар уақтылы өтті.

Гимназияны 30 оқушы аяқтады. Класс жетекшісі Есжанова Г.Б. Маусым айының 4 күні 29 оқушы ҰБТ қатысты, ол 96,6 пайыз . 29 оқушының 10- физика пәнін, 8- биология пәнін, 5- география пәнін, 3- ағылшын тілі пәнін, 2- дүниежүзі тарихы пәнін, 1- қазақ әдебиетін таңдау пәні ретінде тапсырды. Жалпы гимназия бойынша **орташа балл 104,5.** Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 1,4 баллға төмендеген.

Межелі деңгейге жетпеген оқушы 1, ол Қайырбай Даулет-46 балл алды.

Ең жоғарғы балл Қойлыбай Жайнагүл – 121, Қазақбаева Әсел-120, Төремұрат Әділет-119. «Алтын белгі» белгісін төрт оқушы да растады. Олар: Қойлыбай Жайнагүл, Жайлаубай Марал, Сайлаубаева Диана, Иса Дана.

«Үздік аттестатты» Өтеміс Аякөз растады, Қазбекова Бірлік, Аханова Айдана растаған жоқ, 100 балдан артық жинаған 20 оқушы

Барлығын «беске» тапсырған – 10 оқушы.

Пәндер бойынша білім сапасы төмендегідей:

Пәндер	Оқушы саны	Орташа балл	Сапа %	«5»	«4»	«3»	«2»	Пән мұғалімдері
математика	29	19,3	93	18	9	2	-	Есжанова Г.Б.
қазақ тілі	29	22,5	96,5	25	3	1	-	Спанова А.С.
орыс тілі	15	22,1	100	15	-	-	-	Ермағамбетова Г.К.
орыс тілі	14	19,4	92,8	11	2	1	-	Жиенгазина А.О.
қазақстан тарихы	29	21	89,6	23	3	3	-	Тлеуова М.Ш.
физика	10	20,6	90	7	2	1	-	Курманова К.С.
география	5	20	100	2	3	-	-	Сарсенбаева А.
Дүниежүзі тарихы	2	21	100	2	-	-	-	Тлеуова М.Ш.
Қазақ әдебиеті	1	16	100	-	1	-	-	Спанова А.С.
Биология	8	23,2	100	7	1	-	-	Райымбаева М.Б.
Ағылшын тілі	1	20	100	-	1			Бакажанова Н.О.
Ағылшын тілі	2	17,5	100	-	2			Азырова А.Б.

Кестеде көрсетілгендей жеке пәндер бойынша орташа балды қарастырсақ, пәндерді былай орналастыруға болады:

- Биология –23,2
- Қазақ тілі – 22,5
- Қазақстан тарихы – 21
- Дүниежүзі тарихы - 21
- Орыс тілі – 20,8
- Физика – 20,6
- География – 20
- Математика – 19,3
- Ағылшын тілі – 18,3
- Қазақ әдебиеті- 16

Кестеде көрсетілгендей ҰБТ пәндері бойынша 20 балдан жоғары жинағандар:


- **Биология 23,2 - мұғалімі Райымбаева М.Б. (тапсырған 8 оқушы).**
- **Қазақ тілінен 22,5- мұғалімі Спанова А.С. (тапсырған 29 оқушы);**
- **Қазақстан тарихы 21- мұғалімі Тлеуова М.Ш. (тапсырған 29 оқушы);**
- **Дүниежүзі тарихы 21- мұғалімі Тлеуова М.Ш. (тапсырған 2 оқушы);**
- **Орыс тілі -20,8- мұғалімі Ермагамбетова Г. К., Житенгазина А.О.(тапсырған 29 оқушы);**
- **Физика пәнінен – 20,6 балл мұғалімі Курманова К. (тапсырған 10 оқушы).**
- **География 20- мұғалімі Сарсенбаева А.Н. (тапсырған 5 оқушы);**

20 балдан төмен жинағандар:

- **Математика 19,3- мұғалімі Есжанова Г.Б. (тапсырған 29 оқушы);**
- **Ағылшын тілі- 18,3-мұғалімі Бакажанова Н.О, Азырова А.Б. (тапсырған 3 оқушы);**
- **Қазақ әдебиеті 16 - мұғалімі Спанова А.С. (тапсырған 1 оқушы);**

100% білім сапасымен тапсырған: биология (Райымбаева М.Б.), орыс тілі (Ермаганбетова Г.К.), қазақ әдебиеті (Спанова А.С.), дүниежүзі тарихы (Тлеуова М.Ш.), география (Абдикешов Д.А.), ағылшын тілі (Бакажанова Н.О., Азырова А.Б.)

4 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысының салыстырмалы диаграммасы.




Диаграммада көрсетілгендей ҰБТ орташа балы үш жыл бойы өзгермелі, жоғарлаудың үрдісі байқалады. Биылғы оқу жылында **1,4 баллға төмендеген.**

ҰБТ қорытындысының салыстырмалы кестесі мен диаграммасы (Негізгі пәндер бойынша орташа балл)

Негізгі пәндер

Оқу жылы	қаз.тілі	%сапа	орыс.тілі	%сапа	қаз.тар	%сапа	матем	%сапа
2012-2013	19	78%	16	78%	16	69,50%	14	56,50%
2013-2014	20	88%	18	100%	20	88%	17	84%
2014-2015	22,1	96%	19,9	100%	21,9	100%	20,1	100%
2015-2016	22,5	96,5%	20,8	96,5%	21	89,6%	19,3	93%




Берілген диаграмма мен кестеде көрсетілгендей өткен жылмен салыстырғанда міндетті пәндер бойынша орташа балл математика пәнінен 0,8 баллға (Есжанова Г.Б.), қазақстан тарихынан 0,9 баллға (Тлеуова М.Ш.) төмендеген, орыс тілінен 0,9 баллға (Ермаганбетова Г.К., Жиенгазина А.О.), қазақ тілінен 0,4 баллға (Спанова А.С.) жоғарылады.

2015-2016 оқу жылында таңдау бойынша келесі пәндер тапсырылды:

- Физика – 10 оқушы
- География– 5 оқушы
- Биология – 8 оқушы
- Қазақ әдебиеті -1 оқушы
- Ағылшын тілі – 3 оқушы
- Дүниежүзі тарихы- 2 оқушы

ҰБТ қорытындысының салыстырмалы кестесі мен диаграммасы (Таңдау пәндері бойынша орташа балл)

Оқу жылы	ағыл.	сапа	физ.	сапа	био	сапа	гео	сапа	дүн. тар	кач	әдеб	сапа	химия	сапа
2012-2013	17	100	14	72,7	15	100	21	100	14	67	-	-	-	-
2013-2014	24	100	15	83	19	83	22	100	-	-	21	100	-	-
2014-2015			19,7	90	24,1	100	23,3	100	22	100	22,5	100	21	100
2015-2016	18,3	100	20,6	90	23,2	100	20	100	21	100	16	100	-	-



	ағылшын	физика	биология	география	Дүниежүзі тарихы	әдебиет	химия
2012-2013	17	14	15	21	14	-	-
2013-2014	24	15	19	22	-	21	
2014-2015		19,7	24,1	23,3	22	22,5	21
2015-2016	18,3	20,6	23,2	20	21	16	-

Берілген диаграмма мен кестеде көрсетілгендей өткен жылмен салыстырғанда таңдау пәндері бойынша орташа балл физикадан 0,9 балға (Курманова К.С.) жоғарылаған, биологиядан 0,9 балға (Райымбаева М.Б.), географиядан 3,3 балға (Сарсенбаева А.Н.), қазақ әдебиетінен 6,5 балға, дүниежүзі тарихынан 1 балға төмендеген.

Қорытынды: 2015-2016 оқу жылында 11 класс оқушылары Ұлттық Бірыңғай Тестілеуді **104,5** орташа баллмен аяқтады. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда **1,4 баллға төмендеген**. Барлық пәндер бойынша орташа балл жоғары көрсеткіш көрсетті. Тест нәтижесі бойынша орыс тілін алғанда межелік деңгейден өтпеген 1 оқушы болды. Жалпы пәндер бойынша ең төменгі

балл орыс тілінен 6 балл, қазақстан тарихынан 10 балл, математикадан 9 балл, физикадан 8 балл (Қайырбай Даулет). Гимназия бойынша ең жоғары балл 121 балл (Қойлыбай Жайнагүл), ал ең төменгі балл 46 балл (Қайырбай Даулет)

«Алтын белгі» белгісін төрт оқушы да растады. **Олар: Қойлыбай Жайнагүл, Жайлаубай Марал, Сайлаубаева Диана, Иса Дана.**

«Үздік аттестатқа» үміткер 3 оқушының 1 алды. Ол Өтеміс Аякөз.

Ұсыныс:

- 1 Пән мұғалімдері қорытынды тест нәтижесі бойынша талдау жұмыстарын жасап, келесі оқу жылына сапалы жоспар құрып, оқушылармен пәндері бойынша білім сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар жасау.
- 2 Келесі оқу жылында «Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткер оқушыларды «жазғы мектепке» шақырып жұмыстар жүргізу. Оқушылардың алған білімдерін епті қолдану, жедел және дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіретін тапсырмаларды көбірек беру арқылы сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіру.

Орындаған: Жаржанова Ж.Қ.